

ӘОЖ 81/33

**«СКАЗКА О ПРЕКРАСНЫХ ПТИЦАХ – ФЛАМИНГО» ЕРТЕГІСІНІҢ ОРЫС
ТІЛІНЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ**

Шайхина Гулшат

Gulw@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің
аударма теориясы және практикасы кафедрасының
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ә.Кызырова

Бұл мақалада балалардың ертегі әлеміне қызығушылығы, ұлттық құндылық арқылы балаларға рухани тәрбие беру насихатталады. Зерттеу заманауи Қазақстандық жазушы Н.Ж.Шаймерденованың ертегілерінің материалдары бойынша жүргізілді. Автордың идеясын аудармашы тілдік ерекшелігімен ерекшеленіп, қазақ тілінде көркемдеп, эмоциясымен, шынайы аударған.

Түйін сөздер: ханша, уәзір, құс, қайғы-мұң, тоқал

«Керемет ертегі екен» - деп тамсанып, ертегілерді естігенде немесе оқығанда сүйсініп жатамыз. Балалалық шақтан осы сезімдерді әр адам басынан өткізді және осы сиқырлы әлемді жақсы көрді. Бала кездегі ең маңызды нәрсе ол - ертегі. Себебі ертегінің көмегімен кішкентай адам әртүрлі өмірлік кедергілерді жеңіп, үлкен әлемді танып білуге әсерін тигізеді. Сонымен қатар, ертегі адамның дүниетанымын, әлемге деген көзқарасын, рухани-адамгершілік қағидаларын қалыптастырады. Ертегінің атқаратын қызметі зор: ол әрі тәрбиелілік, әрі көркем эстетикалық әдеби тілдік қазына. Ертегінің бүкіл жанрлық ерекшелігі осы екі сипатынан тұрады. Ертегінің негізгі мақсаты сюжетті барынша тартымды етіп баяндау, көркемдеу. Рухани білім беруде ертегінің тәрбиелік мәні бар екендігін ертегі жазатын авторлар дәлелдеген. «Бала кезінен бала салт- дәстүрді, ұлттық құндылықты сіңіріп тәрбиеленуі тиіс, өсе келе қоршаған ортасын жатсынбай қабылдап, ана сүтімен қалыптасқан тәрбиені ештеңе алмастыра алмайды». [2,19-20] Н.Ж. Шаймерденованың «Сказка о прекрасных птицах - Фламинго» ертегісі қазақ тіліне аударылған. Ертегіде қазақтардың көк Тәңір мен Ұмай анаға сыйынған кезең бейнеленген. Онда Хан мен оның әйелі ханша бір бірін қатты жақсы көріп, олардың сүйіспеншілігінен ерекше әдемі қыз дүнге келіп,

оның атын Махаббат қойған. Хан Қазақстанның астанасын –Астананың орнында, сауда жолының торабында Хан өзіне әдемі қала салғызған. Сол қалада сауда жақсы жүріп, соғыстар мен шапқыншылықтар жиілеп кеткесін, Хан сол елді қорғайтын ұл баланы аңсаған. Хан бала сүю мақсатында тоқал алғаны, сол тоқалдың зұлымдылығы, қара ниеттілігі, дүние-мүлік үшін жаман қадамдарғаны барғаны, ата-ана жүрегінің сезімталдылығы, баласы үшін жанын бергені және қыздың жігітінің Асылжанның адал махаббатын көруге болады. Мәтін белгілі бір сұлба бойынша құралған. Мұның бәрі ертегіге идеялық, мазмұндық және көркемдік тұтастық берген. Ол тұтастық жанрға басқа да қасиеттер дарытады: композиция мен эстетикалық мұраттың бірлігі әрі тұрақтылығы, көркем шарттылықтың міндеттілігі, ауызекі сөйлеу тіліне сәйкестігі, тұрақты тіркестердің қолдануы, прецедентті есімдерді көруге болады. Ертегінің тақырыбына тоқталсақ, «Фламинго» құсын қазақ тілінде «қызыл қаздар» деп аударған. Себебі, қазақ елі көне заманнан мал шаруашылығымен айналысқан. Құстардың бірнеше түрлерін бағып, тағамдық өнім ретінде қолданған. Ал, «қызыл қаздар» деп аудармашының аударғаны құстың барынша әдемілігін, даралығын, ерекшелігін, және де қол жетпейтін құс ретінде сипаттаған. Ертегідегі басты кейіпкерлерді реалий ретінде алуға болады. Қазақ тіліндегі бәйбіше, хабаршы, әйгөлек-ау, әйгөлек, тоқал, Махаббат, Асылжан, Айдындөңгелек сөздерін орыс тіліндегі ертегіде реалий арқылы берілген. Байбеше, хабаршы, айгөлек, тоқал, Махаббат, Асылжан. Аудармашы Айдындөңгелек сөзіне анықтама бере кеткен, яғни тоқалдың есімінің бір түрлі екенін және ішкі алаңдаушылық тудырғаны жазған. Реалия - дегеніміз бір елдің өміріндегі мәдениет, тұрмыс жағдайы, тарихи дамулардағы объектілер атап көрсететін сөз немесе сөз тіркесі және де бұл сөздер басқа ұлттарға бейтаныс болады, сонымен қатар басқа тілдерге реалиялардың нақты баламасы болмайды. Сол себептен, орыс тіліндегі «Фламинго» ертегісінің авторы қазақ жазушы жазғанын аңғаруға болады. Ертегідегі есімдер Тенгри, Умай [3] қазақ тіліндегі прецедентті есім қасиетті Ұмай ана, Көк Тәңірі деп алынған. Жалқы есімдерге тоқталсақ, Барсакельмес, Тенгис-Кургальджинский қазақ тілінде Барсакелмес, Теңіз - Қорғалжын деп аударылған. Осы жерлерді суреттегенде аудармашының Отанға деген сүйіспеншілігін, қоршаған ортаның сұлулығын әсерлі етіп аударған.

Орыс халықтарымен қазақ халқының салт-дәстүрі, тілі, мәдениетінің арасындағы айырмашылық жер мен көктей болғандықтан, реалий сөздер аудару барысында аудармашы транслитерация арқылы аударған. Астана, Қазақстан [4]. Сонымен қатар, фразеологизмдерге де мән берсек, Будто кто-то всадил ядовивый кинжал в самое сердце [7] біреу улы қанжарлы жүрегіне сұғып алғандай болды деп берген. Бұл жерде аудармашының шеберлігін аңғаруға болады. Аудармада калька арқылы Ай – луна, дөңгелек – круг деп аударылған.

Аудармашының басты мақсаты – мәтіннің аудармасын дұрыс жеткізу. Осы ертегідегі аудармашының тілдік қоры мол, мәтінді эмоциясымен толық жеткізген деп айтуға болады. Ертегідегі суреттер-табиғат әлемінің алуан түрлілігін бейнелейді. Адамның жаны ұзақ уақыт бойы тірі әлем мен өлгендердің әлемі арасында ұшатын құстармен салыстырған. «Әдемі қызыл қаздар», Асылжан мен Махаббат жұптары бақытты ғұмыр кешіп, қазіргі Қорғалжындағы Фламинго құстарына айналған және көбейген. Ертегідегі құстар-адамның рухының ұшуы, бақыт, махаббат, тазалық пен сұлулықты бейнелеген. Қызыл қаздардың тағдыры қайғылы, терең философиялық мағынаға ие. Фольклорлық жанрлар жүйесінде ерекше орын алатын ертегінің белгілі бір фигуративті-поэзиялық құрылымы бар. Себебі кез келген кейіпкерге бейнелі сипат берілген. Сонмен қатар, тиісті атаулар ұлттың менталитетіне байланысты бірқатар ассоциативті байланыстарды меңзеп, ертелі мәнмәтіндік семантикасын байытады. Ертегінің прагматикасы маған ерекше әсер етті, ой салды. Зұлымдық ешқашанда жақсылықты жеңген емес. Аудармашының шеберлігінің нәтижесінде ертегінің мағынасы жойылмай, шынайы аударылған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Н.Ж. Шаймерденова. «Сказка о прекрасных птицах – Фламинго» Фолиант, 2013- 20 с.
2. Е.В. Белинская. Сказочные тренинги для дошкольников и младших школьников.- СПб.: Речь; М.: Сфера, 2008.
3. Философия и сказка: Сборник научных трудов/Коллектив авторов. М. – Берлин: Дирек - Медиа, 2015. -226 с.
4. Г.А. Урунтаева. Дошкольная психология-М.: Издательский центр. «Академия»,1999.